

# STIHL

## STIHL SG 51, 71

Қолдану нұсқаулығы  
Инструкция по эксплуатации



ⓀⓏ Қолдану нұсқаулығы  
1 - 21

ⓂⓈ Инструкция по  
эксплуатации  
22 - 42

## Мазмұны

Қолдану нұсқаулығына	2
Қауіпсіздік техникасы ережелері және жұмыс техникасы	2
Құрылғының жиынтықтамасы	7
Аспалы белдік	9
Басқару элементтері	10
Сыйымдылықты толтыру	11
Себу	12
Себуден кейін	12
Құрылғыны сақтау	13
Пайдаланушы тарапынан тексеру және техникалық қызмет көрсету	13
Техникалық қызмет көрсету және күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар	15
Маңызды толымдаушылары	16
Техникалық сипаттамалар	17
Жұмыстағы ақаулықтарды кетіру	18
Жөндеу бойынша нұсқаулар	19
Кәдеге жарату	19
ЕО нормаларына сәйкестік сертификаты	20
Мекенжайлар	20

Түпнұсқалық қолдану нұсқаулығы

Хлормен ағартылған қағазда басылып шығарылған Басып шығаратын боюлардың құрамында өсімдік майлары бар, қағазды қайта өңдеуге болады.

© ANDREAS STIHL AG & Co. KG, 2020  
0458-597-4921-A\_VA3.D20.  
0000006898\_014\_KZ

# STIHL

SG 51, SG 71

Құрметті сатып алушылар,

STIHL фирмасының жоғары сапалы бұйымын сатып алуға бел байлағаныңыз үшін үлкен рахмет айтамыз.

Аталған бұйым өндірістің озық технологияларын қолдана отырып, сонымен қатар сапаны қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды ескере отырып дайындалған. Осы агрегат Сіздің көңіліңізден шығуы үшін және оны өш кедергісіз қолдануыңыз үшін біз қолымыздан келгеннің барлығын істеуге тырысамыз.

Егер Сізде агрегатыңызға қатысты сұрақтар туындаса, өз дилеріңізге немесе біздің өткізу компаниямызға жүгінуіңізді сұраймыз.

Сіздің



Др. Nikolas Stihl

Осы қолдану нұсқаулығы авторлық құқықпен қорғалған Барлық құқықтар, әсіресе тарату, аудару және электроникалық жүйелермен өңдеу құқықтары сақталады.

## Қолдану нұсқаулығына

### Суреттердегі нышандар

Құрылғыға жабыстырылған суреттердегі барлық нышандардың анықтамасы, осы қолдану нұсқаулығында келтірілген.

### Метін бөлімдерінің белгіленуі



#### Сақтандыру

Жазатайым оқиғаның және жарақат алудың, сонымен қатар күрделі материалдық нұқсанның қауіп жайында адамдарға ескерту.



#### Нұсқау

Құрылғының немесе жекелеген толымдаушылардың бүліну мүмкіндігі жайында ескерту.

### Техникалық өзірленім

STIHL компаниясы барлық машиналарды және құрылғыларды одан әрі өзірлеумен ұдайы айналысуда; сондықтан пішін, техника және жабдықтар бойынша жеткізілімнің толымдаушыларына барлық өзгерістерді енгізу құқығын өзімізге қалдыруға тиіспіз.

Сол себепті осы қолдану жөніндегі нұсқаулықтың нұсқауларына және суреттеріне қатысты ешқандай кінәраттар тағыла алмайды.

## Қауіпсіздік техникасы ережелері және жұмыс техникасы

Осы пайдалану нұсқаулығы, STIHL ұсынған сепкіш агрегатқа қатысты болып келеді, аталған пайдалану нұсқаулығында агрегат та көрсетіледі.



Агрегатпен жұмыс істеген кезде айрықша қауіпсіздік іс-шараларын сақтау қажет болады.



Алғаш рет пайдалануға беру кезінде, пайдалану нұсқаулығымен мұқият танысып алыңыз және алдағыда пайдалану үшін сенімді жерге сақтап қойыңыз. Пайдалану нұсқаулығын ұстанбаған жағдайда, өмірге қауіп төнуі мүмкін.

### Жалпы нұсқаулар

Қауіпсіздік техникасына қатысты жергілікті ережелерді, мысалы кәсіподақтардың, әлеуметтік кассалардың, еңбек қорғау жөніндегі органдардың және басқа мекемелердің ережелерін сақтаңыз.

Агрегатпен алғаш рет жұмыс істейтін әрбір адам: Агрегатты қалай қолдану керектігі туралы білікті маманнан немесе басқа маманнан нұсқау алуы керек – немесе арнайы оқу курсынан өтуі қажет.

Қараумен оқытылып жатқан 16 жасқа толған жас адамдарды қоспағанда, кәмелеттік жасқа толмағандарға агрегатпен жұмыс істеуге рұқсат берілмейді.

Балалар, жануарлар және бөгде адамдар алшақ жерде болуы тиіс.

Агрегат қолданылмаса, оны ешкімге кедергі келтірмейтіндей етіп басқа жерге қойған жөн. Агрегатты рұқсатсыз қолданудан қорқаңыз.

Пайдаланушы жазатайым оқиғалар үшін не болмаса басқа адамдарға немесе олардың мүлкіне төнетін қауіптілік үшін жауапты болады.

Агрегатты, оның осы үлгісімен мұқият танысып алған және қолдануға жақсылап үйретілген адамдарға ғана беруге немесе жалға беруге рұқсат етіледі – әрқашан пайдалану нұсқаулығын көрсетіңіз.

Агрегаттың бірде-бір толықтырушы бөлшектері зақымданбаған болса ғана, оны қолданысқа енгізуге болады. Әсіресе, агрегат бөлшектерінің герметикалығына назар аудару керек.

Сыйымдылықты тек агрегатта монтаждалған сорғымен ғана қысымға келтіріңіз.

Агрегатты тек толықтай монтаждалған жағдайда ғана қолданыңыз.

Агрегатпен жұмыс істейтін адамдар демалған, дені сау болуы керек және дене күшінің жағдайы жақсы болуы қажет.

Алкогольді, жауап қайтару қабілетін төмендететін дәрілерді немесе есірткіні тұтынғаннан кейін агрегатпен жұмыс істеуге болмайды.

### Мақсатына сай қолдану

Сепкіш агрегат; саңырауқұлақтар мен зиянкестерден қорғануға, сондай-ақ арамшөптерді жоюға арналған құралдарды шашыратуға жарамды. Қолданылу саласы – жеміс, көкөніс өсіру, бағбандық, егіншілік, бағындық жер және орман шаруашылығы болып табылады.

Сепкіш агрегаттармен бірге қолдануға рұқсат етілетін өсімдіктерді қорғауға арналған құралдарды ғана қолданыңыз.

Агрегаттарды мақсатына сай қолдану қажет, керісінше жағдайда, жазатайым оқиғалардың орын алуы немесе агрегаттың бүлінуі мүмкін. Сепкіш агрегаттың құрылымына қандай да бір өзгеріс енгізуге тыйым салынады, себебі осы жағдайда, жазатайым оқиғалардың орын алуы немесе бүріккіш агрегаттың бүлінуі мүмкін.

### Киімдер мен жарақтандыру

Агрегатты қолданған, толтырған және тазартқан кезде белгіленген киімдер мен жарақтандыруды ғана қолданыңыз. Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды пайдалану нұсқаулығында келтірілген қорғаныс жарақтандыруына қатысты нұсқауларды сақтаңыз.

Жұмыс киімі денеге тиіп тұруға тиіс және жұмыс істеген кезде кедергі келтірмеуі керек.

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдарға былғанып қалған жұмыс киімін дереу басқасына ауыстырыңыз.



Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдардың кейбірін қолданған кезде, су өткізбейтін қорғаныс костюмін кию керек болады.

Бастан жоғары жерде жұмыс істеген кезде, үстеме ретінде, басқа арналған су өткізбейтін бас киімді киіңіз.



Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың ықпалына ұшырамайтын және су өткізбейтін қырлы табаны бар қорғаныс етігін киіңіз.

Жалаң аяқ болып немесе сандал киіп жұмыс істемеңіз.



Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың ықпалына ұшырамайтын және су өткізбейтін қолғап киіңіз.

### Сақтандыру



Көзге жарақат келтіру қауіптілігін төмендету үшін EN 166 стандартына сәйкес қорғаныс көзілдірігін пайдаланыңыз. Қорғаныс көзілдірігінің дұрыс орнатылғанына назар аударыңыз.

Тыныс алу мүшелеріне арналған тиісті қорғаныс құралын қолданыңыз.

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдардың иісі денсаулыққа зиян келтіре алады. Денсаулықты сақтау немесе аллергиялық реакциялардан қорғау үшін тыныс алу мүшелеріне арналған тиісті қорғаныс құралын қолданыңыз. Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдарды пайдалану нұсқаулығында көрсетілген нұсқауларды, қауіпсіздік нұсқауларына қатысты жергілікті ережелерді, мысалы кәсіподақтардың, әлеуметтік кассалардың, еңбекті қорғау жөніндегі органдардың және басқа мекемелердің ережелерін сақтаңыз.

### Тасымалдау

Көлік құралдарында тасымалдаған кезде:

- Агрегатты төңкерілуден және бүлінуден қорғаңыз
- Сыйымдылық босатылған, тазартылған және қысымсыз болуы тиіс

## Тазарту

Пластмассадан жасалған бөлшектерді шүберекпен тазартыңыз. Қатты әсерге ие тазартқыш құралдар жылтыр бөлшектерді бүлдіре алады.

Тазарту үшін жоғары қысымды жуғыштарды қолданбаңыз. Судың қатты ағыны толықтырушы бөлшектерді бүлдіре алады.

## Құрал-жабдықтар

STIHL компаниясы тарапынан осы агрегатқа рұқсат берілген немесе өзінің техникалық сипаты жағынан ұқсас болып келетін бөлшектер мен құрал-жабдықтарды ғана монтаждаңыз. Қандай да бір сұрақтар туындаса мамандандырылған дилерге жүгініңіз. Жоғары сапалы бөлшектерді немесе құрал-жабдықтарды ғана қолданыңыз. Олай болмаған жағдайларда, жазатайым оқиғалардың орын алуынан немесе агрегаттың бұзылуынан қауіптілік төне алады.

STIHL компаниясы, STIHL компаниясының түпнұсқалы бөлшектерін және құрал-жабдықтарын қолдануға ұсыныс береді. Олар өздерінің қасиеттері жағынан агрегатпен оңтайлы түрде келістірілген және пайдаланушының талаптарына сай келеді.

Агрегаттың құрылымына қандай да бір өзгерістерді енгізбеңіз, бұл жағдайда қауіптілік төнуі мүмкін. STIHL компаниясы қолданысқа рұқсат етілмеген аспалы құрылғыларды

қолданудың салдарынан адамға және мүлікке келтірілген нұқсан үшін күтілетін жауапкершіліктен бас тартады.

## Өсімдіктерді қорғауға арналған құралмен жұмыс істеу

Әрбір рет қолданудың алдында өсімдіктерді қорғауға арналған құралдарды пайдалану нұсқаулығын оқыңыз. Араластыру, қолдану, жеке қорғаныс жарақтандыруы, сақтау және кәдеге жарату жөніндегі нұсқауларды сақтаңыз.

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды пайдалану жөніндегі заңнама нормаларын ұстаныңыз.

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың құрамында адамдарға, жануарларға, өсімдіктерге және қоршаған ортаға зиян келтіре алатын ингредиенттер болуы мүмкін – **улану және өмірге қауіпті жарақат алу бойынша қауіптілік төне алады!**

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралға тигізбеңіз.

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды пайдалануға және алғашқы көмек көрсетуге үйретілген тұлғалар ғана өсімдіктерді қорғауға арналған құралды қолдана алады.

Апаттық жағдай орын алған кезде, өсімдіктерді қорғауға арналған құрал жайында дәрігерге дереу хабарлауға болатындай, өсімдіктерді қорғауға арналған құралды пайдалану нұсқаулығын немесе заттаңбасын дайын ұстаңыз. Апаттық жағдай орын алса, өсімдіктерді қорғауға арналған құралды пайдалану нұсқаулығында

немесе заттаңбасында көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.

**Дайындаушының қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтаңыз!**

## **Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды толтырып, енгізіңіз**

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды тек қана өндірушінің нұсқауларына сәйкес қолдану керек.

- сыйымдылықты өсімдіктерді қорғауға арналған құралмен толтырудың алдында, таза сумен байқалатын іске қосу жасаңыз және агрегат бөлшектерінің барлығының герметикалығын тексеріңіз
- өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың сұйық түрін ешқашан да сұйылтпай шашыратпаңыз
- Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды тек далада немесе жақсы желдетілетін орынжайда ғана дайындаңыз және толтырыңыз
- өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың артық мөлшері қалмауы үшін тек қана қажет болған мөлшердегі ерітіндіні дайындаңыз
- өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың әр түрін араластыруды өндіруші мақұлдаған болса ғана оларды бір-бірімен араластыруға болады

- өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың әр түрін араластырған кезде, өндірушінің деректерін ұстаныңыз – қоспалар пропорциясы дұрыс емес болса, улы булар немесе жарылғыш қоспа түзіле алады
- Агрегатты тегіс қабатқа орнатыңыз – сыйымдылықты ең жоғары белгіден асырып толтырмаңыз
- құбыржол торабынан толтырған кезде, толтыруға арналған шлангты қоспаға түсірмеңіз – құбыржол торабындағы вакуум, өсімдіктерді қорғауға арналған құралды құбыржол жүйесіне сорып әкете алады
- Агрегатты толтырған кезде денеге аспаңыз – **жарақат алу қаупі төне алады!**
- Сыйымдылықты ерітіндімен толтырғаннан кейін, оны нықтап жауып қойыңыз

### Пайдалану

- далада немесе жақсы желдетілетін орынжайларда, мысалы, ашық орынжайларда ғана жұмыс істеңіз
- өсімдіктерді қорғауға арналған құралмен жұмыс істеген кезде тамақ ішпеңіз, шылым шекпеңіз, иіскемеңіз және сұйықтық ішпеңіз
- Қондырмалар мен басқа ұсақ бөлшектерді ешқашан да ауызбен үрлемеңіз
- жел соғып тұрған кезде ешқашан да жұмыс істемеңіз

Өте жоғары немесе өте төмен жұмыс қысымы, сондай-ақ қолайсыз ауа райы өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың дұрыс емес концентрациясының себепшісі бола алады. Артық мөлшерлеме, өсімдіктерді зақымдауы және қоршаған ортаға нұқсан келтіруі мүмкін. Кем мөлшерлеме, өсімдіктерді өңдеудің қалаулы нәтижесіне жеткізе алмайды.

Өсімдіктер мен қоршаған ортаға зиян келтірмеу мақсатында, агрегатты келесі жағдайларда ешқашан да қолданбаңыз:

- тым жоғары немесе тым төмен жұмыс қысымымен
- жел соғып тұрған кезде
- 40 °C-ден жоғары температурада, көлеңкеде
- тікелей күн сәулесі тиген кезде

Агрегатқа зиян келтірмеу және жарақат алмау мақсатында, агрегатты келесі заттармен бірге ешқашан да қолданбаңыз:

- тұтанатын сұйықтықтармен
- қою және жабысқақ сұйықтықтармен
- күйдіретін және қышқылды құралдармен
- Температурасы 40 °C-ден асатын сұйықтықтармен

### Сақтау

- жұмысты доғарған кезде, агрегатты тікелей күн сәулелерінің және жылу қайнарларының әсеріне ұшыратпаңыз
- Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды сыйымдылықта бір күннен ұзақ сақтамаңыз
- Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды тек рұқсат етілген сыйымдылықтарда ғана сақтаңыз және тасымалдаңыз
- Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды тағам өнімдеріне, сусындарға және азыққа арналған ыдыста сақтамаңыз
- Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды тағам өнімдерінің, сусындардың және азықтың жанында сақтамаңыз
- Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды балалар мен жануарлардан алшақ жерде сақтаңыз
- Агрегатты босатылған, қысымсыз және тазартылған күйде сақтаңыз
- Өсімдіктерді қорғауға арналған құрал мен агрегатты сақтаған кезде, оларды рұқсатсыз қолданудан қорғаңыз
- Агрегатты құрғақ және қатпайтын жерде сақтаңыз

### Көдеге жарату


Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды нұсқауларға сай және қоршаған ортаға зиян келтірмей көдеге жаратыңыз – өсімдіктерді

қорғауға арналған құралды дайындаушының нұсқауларын сақтаңыз

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың қалдықтары мен агрегаттың шаю сұйықтығын сутоғандарға, ағынды суға, канализацияға, шұңқырларға, шахталарға, дренаждарға төкпеңіз.

- Қалдықтар мен пайдаланылған сыйымдылықтарды кәдеге жаратқан кезде, қалдықтардың кәдеге жарату жөніндегі жергілікті нормаларды ұстаныңыз


### **Агрегатты қалай ұстау және қалай жүргізу қажет**



Агрегаттағы аспалы белдіктің екеуін де арқаға асу керек – бір иыққа асуға болмайды.

Алдыға қарай баяу қозғала отырып қана жұмыс істеңіз – ағын түтікшесінің шығу аумағын үнемі бақылап тұрыңыз – арттан алдыға қарай қозғалмаңыз – **сүрініп кете аласыз!**

Агрегатты тік күйде ұстаңыз. Алдыға қарай иілмеңіз – сыйымдылықтан ерітіндінің төгіліп кетуінен **жарақат алу қаупі төне алады!**



Апаттық жағдай орын алса: Жамбас қайысындағы тиектеу құрылғысын (тек SG 71) тез ашуға, иықты аспалы қайыстарды тез босатуға және агрегатты арқашан тез түсіруге жаттығыңыз. Жаттыққан кезде бүлінуді болдырмау үшін агрегатты жерге лақтырмаңыз.

### **Жұмыс барысында**



Ешқашан да бөгде адамдарға қарай себуге болмайды – **жарақат алу қаупі төне алады!**

Тайғанақ, ылғал болғанда, қар басқанда, мұз болғанда, тау еңісінде, кедір-бұдыр жерлерде және тағы басқа жерлерде абайлаңыз – **тайғанау қаупі төне алады!**

Кедергілерге назар аударыңыз: Қоқыстар, томарлар, тамырлар, орлар болса – **сүрініп кете аласыз!**

Төтенше шаршауды болдырмас үшін, жұмыс барысында уақытымен үзіліс жасап тұрғаныңыз жөн – **жазатайым оқиға қаупі төне алады!**

Жұмысты байыпты және тиянақты түрде атқарыңыз, жарық жақсылап түсіп тұруы тиіс және көрініс айқын болуы тиіс. Басқа адамдарға қауіп төндірмей, абайлампаздықпен жұмыс істеңіз.

Жиылмалы басқышта, орнықсыз жерде жұмыс істеменіз.

Далада және бақшада жұмыс істеген кезде, кішкентай жануарларға назар аударыңыз – оларға қауіптілік төнуі мүмкін.

Тоқ өткізетін тоқымдардың жанында жұмыс істеменіз – **электр тоғының соғу қаупі төнуі мүмкін!**

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың әрбір түрін ауыстыру арасында, агрегатты түгелдей тазартыңыз.

### **Жұмысты аяқтағаннан кейін**

Агрегат бөлшектерінің герметикалығын тексеру керек.

Жұмысты аяқтап болғаннан кейін агрегатты, қолыңызды, бетіңізді және қажет болса - киіміңізді жақсылап тазартыңыз.



Адамдар мен жануарлар, өңделген аумақтан алшақ жерде тұруы тиіс – өсімдіктерді қорғауға арналған құралдар толықтай кепкеннен кейін ғана осы аумаққа қайтадан кіруге болады.

### Техникалық қызмет көрсету және жөндеу

Осы пайдалану нұсқаулығында сипатталған техникалық қызмет көрсету жұмыстарын және жөндеу жұмыстарын ғана орындау керек. Жұмыстардың барлық бас түрлерін мамандандырылған дилерге тапсыру қажет.

STIHL компаниясы, техникалық қызмет көрсету жұмыстарын және жөндеу жұмыстарын тек қана STIHL компаниясының мамандандырылған дилеріне тапсыруға ұсыныс береді. STIHL компаниясының мамандандырылған дилерлері біліктілікті арттыру курстарына үнемі қатысып тұрады және олардың иелігіне техникалық ақпарат ұсынылады.

Жоғары сапалы қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз. Олай болмаған жағдайларда, жазатайым оқиғалардың орын алуынан немесе агрегаттың бұзылуынан қауіптілік төне алады. Қандай да бір сұрақтар туындаса мамандандырылған дилерге жүгініңіз.

STIHL компаниясы STIHL компаниясының түпнұсқалы қосалқы бөлшектерін қолдануға ұсыныс береді. Олар өздерінің сипаты

жағынан құрылғымен оңтайлы түрде келістірілген және пайдаланушының талаптарына сай келеді.


Жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын тек тазартылған, толықтай босатылған және қысымсыз агрегатта ғана орындаңыз.

Сыйымдылықты, құбыр жүйесі мен шланг жүйесі тазартқан кезде, шығып жатқан сұйықтықтың қалдықтарынан ешкімнің зақымданбауын бақылаңыз – **жарақат алу қаупі төне алады!**

## Құрылғының жиынтықтамасы


Қажетті монтаждық жабдықтар сыйымдылықта орналасқан.

### Шлангты агрегатқа орнатыңыз




- Шлангты (2) ілме сомынға (1) кигізіңіз
- Шлангты (2) саңылаудың астынан өткізіңіз және бұрыштың штуцерге (3) тартыңыз
- Ілме сомынды (1) бұрышты штуцерге (3) тартып, оны қолмен тартыңыз

## Пистолетті орнатыңыз




- Шлангты (2) ілме сомынға (1) кигізіңіз
- Шлангты (2) пистолеттің түтігіне (3) тартыңыз
- Ілме сомынды (1) қолмен тартыңыз




- Ағын түтікшесі (4) пистолеттің түтігіне (3) қойыңыз
- Ілме сомынды (5) қолмен тартыңыз

## Иінтіректі орнату




Сапты (1) бойға байланысты әртүрлі ұзындыққа (A, B, C) күйлеуге болады

- Сапты (1) иінтірекке (2) салыңыз




Иінтірек агрегатқа сол немесе оң жақтан кіріктірілуі мүмкін.

- Иінтіректі (2) тесікке (3) жылжытыңыз



- Иінтіректі (2) тік күйге көтеріңіз
- Агрегатты басқа жаққа қойыңыз



Иінтірек (2) пайдаланушының денесінің еніне күйленеді.

- Қашықтықты белгілеңіз (A, B немесе C)
- Иінтіректі (2) сақтандырғыш мұрындық көмегімен (4) біліктегі тесік арқылы (5) бекітіңіз


## Аспалы белдік



- Аспалы белдікті реттеген кезде, оператордың арқадағы тілімшесі арқаға тығыз және сенімді түрде тиіп тұруға тиіс

### Аспалы белдіктің биіктігін реттеңіз


Тасымалдауға арналған аспалы белдік бойға байланысты биіктік бойынша реттеледі.




- Штифтті (1) бұрауыштың көмегімен арқадағы тілімшеден ажыратыңыз
- Штифтті (1) алып шығарыңыз және аспалы белдіктерді (2) жоғары қарай тартып, алып тастаңыз
- Тасымалдауға арналған аспалы белдіктің (2) ұштықтарын төменгі күйге орнатыңыз
- Штифтті (1) салыңыз және арқадағы тілімшеге нықтап итеріңіз

### Қайыстарды реттеу

SG 71 қосымша жамбас қайысымен қамтылған (елге байланысты қолжетімді болады).



- A** Қайыстардың ұштарын тартсаңыз, қайыстар еріледі
- B** Қысқыш ішбетті сәл көтерсеңіз, қайыстар босайды




- C** Жылдам бекіткішті біріктіріп, бекітіп қойыңыз
- D** Ілгектерді қысу арқылы жылдам бекіткішті ашыңыз

## Басқару элементтері

Алғаш рет пайдалануға берудің алдында басқару элементтерінің жұмысымен танысып алыңыз.


### Иіңтірек

#### Қысымды үдету




- Пистолеттің иіңтірегін баспай, иіңтіректі ақырын және баяу қозғалыспен іске қосыңыз – біртіндеп басу күшін үдете беріңіз

#### Тасымалдау күйі



- Иіңтіректі “сарт” еткен дыбыс естілмейінше, жоғарыға қарай апарыңыз

## Қақпақ




Қақпақтың астында үш өлшеуіш стақан бар, оларды өсімдіктерді қорғауға арналған құралды қолдау үшін пайдалануға болады


- 1** = 5 мл (0,2 унция)
- 2** = 10 мл (0,3 унция)
- 3** = 25 мл (0,8 унция)

## Пистолет

### Пистолетті бұғаттау / бұғаттан шығару




- Тежеуші тығырықты (1) жоғары көтеріңіз – иінтірек (2) бұғаттан шығарылады және басыла алады




- Тежеуші тығырықты (1) төмен түсіріңіз – иінтірек (2) бұғатталады, осылайша, байқаусызда әрекетке келтіріле алмайтын болады

## Сыйымдылықты толтыру

Сыйымдылықты өсімдіктерді қорғауға арналған құралмен толтырудың алдында, таза сумен байқалатын іске қосу жасаңыз және агрегат бөлшектерінің барлығының герметикалығын тексеріңіз.



- Агрегатты тегіс қабатқа орнатыңыз
- Қақпақты сыйымдылықтан алыңыз




- Қақпақтың (2) нығыздауын (1) тексеріңіз

Нығыздау бұзылмауы тиіс.



- Мұқият араластырылған өсімдіктерді қорғауға арналған құралды толтырыңыз – ең жоғары құю мөлшерінен асырмаңыз (көрсеткішке сәйкес)



- Қақпақты бұрап алыңыз және екі қолыңызбен нықтап жабыңыз

## Себу

- Агрегаттағы аспалы белдіктің екеуін де арқаға асу керек – бір иыққа асуға болмайды.
- Пистолеттің иінтірегін баспай, сорғы иінтірегін ақырын және баяу қозғалыспен іске қосыңыз – біртіндеп басу күшін үдете беріңіз
- Пистолетті әрекетке келтіріңіз және әрқашан оңтайлы жұмыс қысымын сақтаңыз
- жұмыс қысымы 0,5 бар (7,25 пси) көрсеткішінен төмендейтін болса, оны қайтадан үрлеген жөн

Жұмыс қысымына/шығынына шолу – "Техникалық сипаттамалар" бөлімін қараңыз

## Себуден кейін

- Сыйымдылықты жақсы желдетілетін жерде босатыңыз
- Сыйымдылықты таза сумен жуыңыз
- Сыйымдылықты таза сумен толтырыңыз
- Сыйымдылыққа қақпақты кигізіп, оны нықтап жабыңыз
- Сыйымдылық тазармайынша және қысым толықтай түспейінше, сыйымдылықты таза сумен толтырыңыз және үрлеңіз


## Құрылғыны сақтау

- Агрегатты рұқсатсыз қолданудан қорғаңыз
- Агрегатты кептіріп, күн сәлесінен және аяздан қорғалған жерде сақтаңыз

## Пайдаланушы тарапынан тексеру және техникалық қызмет көрсету

### Мікбас манжетасын майлаңыз


### Қайта құрастыру



8014BA043 KK

- Сыйымдылықтан сорғының құбырын бұрап алып шығарыңыз


Сорғының қапқағы 1/2 дюймдік динамометрлік кілттің көмегімен ашылуы мүмкін.



8014BA026 AS

- Мікбас манжетасы майлау жағыңыз


### Құрастыру



8014BA044 KK

- Сыйымдылықтың түтігін, бекітуші тілік (көрсеткішке сәйкес) ілініспейінше, итеріңіз


### Сорғының тарту күшін майлаңыз



8014BA041 KK


- Шайыр заттерін қамтымайтын және майдың бірнеше тамшысын сорғының тарту күшіне тамызыңыз

### Сорғы иіңтірегі бекітілетін жерді майлаңыз




- Сорғы иіңтірегі бекітілетін жерді майлаңыз

### Сүзгіні тазартыңыз




- Сапты (1) пистолеттен бұрап алыңыз және сүзгіні (2) суырыңыз




- Сүзгіні ағынды сумен шайыңыз

### Қондырманы тазартыңыз



- Қуыс конустық қондырманы (1) құйындатқышпен (2) бірге бұрап алыңыз



- Бөлшектерді ағынды сумен шайыңыз және қайтадан жинап қойыңыз



## Техникалық қызмет көрсету және күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар

Деректер қалыпты жұмыс шарттарына көлтірілген. Күн сайынғы жұмыс уақыты аса ұзақ болса, онда көрсетілген аралықтарды тиісінше қысқарту керек.		жұмысты бастамас бұрын	жұмысты аяқтағаннан кейін немесе күн сайын	апта сайын	ай сайын	жылына бір рет	Ақаулық болған кезде	бүлінген кезде	қажет болғанда	50 рет қолданғаннан кейін
Агрегат жиынтығы	Көзбен шолып тексеру (жағдайын, герметикалығын)	X								
	тазарту		X							
Сыйымдылықтың қақпағындағы сақиналы нығыздағыш	Көзбен шолып тексеру (жағдайын, герметикалығын)	X								
Сыйымдылық, құбыршек жүйесі, ағын түтікшесі	босату		X							
	тазарту		X							
Қондырма	тазарту		X				X			
Пистолеттегі сүзгі	тазарту					X	X			X
Мікбас манжетасы	майлау					X	X			X
Сорғының тарту күші	жағармай					X				X
Сорғы иінтірегі бекітілетін жер	майлау					X				X
Қауіпсіздік техникасы жөніндегі ескертпесі бар жапсырма	ауыстыру							X		



**Техникалық сипаттамалар**

техникалық қалдығы:	<0,27 л
Қайтарым күші:	<20 Н
Меншік салмағы:	4,8 кг

**Жұмыс қысымына/шығынына шолу**

Жұмыс қысымы	Қуыс конустық қондырмамен бірге судың шығыны
1,0 бар	0,39 л/мин
1,5 бар	0,49 л/мин
2,0 бар	0,56 л/мин
3,0 бар	0,69 л/мин
4,0 бар	0,81 л/мин
6,0 бар	0,96 л/мин

**SG 51 техникалық сипаттамалары**

Жұмыс қысымы, ең көбі:	6 бар
Көлемдік шығыны, ең көбі:	1,4 л/мин
Толтыру көлемі, ең көбі:	12 л
Жұмыс температурасы, ең көбі:	40° С
техникалық қалдығы:	<0,25 л
Қайтарым күші:	<20 Н
Меншік салмағы:	4,5 кг

**SG 71 техникалық сипаттамалары**

Жұмыс қысымы, ең көбі:	6 бар
Көлемдік шығыны, ең көбі:	1,4 л/мин
Толтыру көлемі, ең көбі:	18 л
Жұмыс температурасы, ең көбі:	40° С

**Белгіленген қолданыс кезеңі**

Белгіленген қолданыс кезеңі: 30 жылға дейін.

Белгіленген қолданыс кезеңі уақытында, қолдану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес тұрақты техникалық қызмет және күтім көрсетіледі.

## Жұмыстағы ақаулықтарды кетіру

Бастаудың алдында, қысым толықтай төмендемейінше агрегатты себу арқылы босатыңыз – жұмыс барысында қысым шығарылмаған кезде агрегатта сұйықтық еш бақылаусыз шашыратыла алады.

Жұмысты аяқтап болғаннан кейін таза сумен байқалатын іске қосуды орындаңыз.

Ақаулық	Себеп	Жою тәсілдері
Манометр сыйымдылықта қысымның жоқтығын көрсетеді	Манометр жарамды емес	Манометрді басқасына ауыстырыңыз
Сорғылау кезінде қысым шықпайды. Иінтірек өте оңай іске қосылады	Сорғының құбырлары бұзылған	Сорғының құбырларын ауыстырыңыз
	Қақпақшалардың дискілері бұзылған	Қақпақшалардың дискілерін ауыстырыңыз <sup>1)</sup>
	Мікбас манжетасы бүлінген	Мікбас манжетасын ауыстырыңыз <sup>1)</sup>
Иінтірек үлкен күшпен бұғатталады немесе қозғалтылады	Мікбас манжетасы майланбаған	Мікбас манжетасын майлаңыз
	Қондырма / құйындатқыш / сүзгі бітелген	Қондырманы / құйындатқышты / сүзгіні тазартыңыз
Агрегат үрленген кезде ғана шашырайды	Қысым астындағы сыйымдық сұйықтықпен толтырылған	Агрегаттан барлық заттекті толығымен сорып алыңыз. Өрекетті 5 рет толтырудан кешіктірмей қайталаңыз
Қондырма шашыратпайды – агрегатта қысым	Қондырма / құйындатқыш / сүзгі бітелген	Қондырманы / құйындатқышты / сүзгіні тазартыңыз
Қондырмадан сұйықтық тамады	Қондырма / құйындатқыш / сүзгі бітелген	Қондырманы / құйындатқышты / сүзгіні тазартыңыз
Тек қана ағын керек – шашыратпаңыз	Қондырмада құйындатқыш жоқ	Құйындатқышты қондырмаға орнатыңыз
	Қондырмасы ластанған	Қондырманы тазартыңыз

<sup>1)</sup> STIHL компаниясы STIHL мамандандырылған дилерін ұсынады


## Жөндеу бойынша нұсқаулар

Аталған құрылғының пайдаланушылары, осы қолдану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған техникалық қызмет көрсету және күтім жасау жұмыстарын ғана орындай алады. Жөндеу жұмыстарының қалған түрлерін мамандандырылған дилерлер ғана жүзеге асыра алады.

STIHL фирмасы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын тек қана STIHL фирмасының сауда-агенті-маманына тапсыруыңызға ұсыныс береді. STIHL фирмасының мамандандырылған агенттері-мамандары біліктілікті арттыру курстарына үнемі қатысып тұрады және олардың иелігіне техникалық ақпарат ұсынылады.

Жөндеген кезде, аталған моторланған құрылғыға арналған STIHL компаниясымен рұқсат етілген толымдаушыларды немесе техникалық тең сипаттағы толымдаушыларды монтаждауға болады. Жоғары сапалы қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз. Олай болмаған жағдайларда, жазатайым оқиғалардың орын алу қаупі немесе құрылғының бұзылу қаупі төне алады.


STIHL фирмасы STIHL фирмасының түпнұсқалы қосалқы бөлшектерін қолдануға ұсыныс береді.

STIHL фирмасының түпнұсқалы қосалқы бөлшектерін STIHL толымдаушысының нөмірі, жазбасы **STIHL** және қажет болса STIHL  толымдаушысының белгісі

(кішігірім толымдаушыларда тек қана бір белгі бола алады) бойынша анықтап тануға болады.

## Кәдеге жарату

Кәдеге жаратқан кезде, қандай да бір елге тән болып келетін қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі нормаларды сақтау қажет.



STIHL компаниясының өнімдері тұрмыстық қалдықтар емес. STIHL өнімі, аккумулятор, керек-жарақ және қаптама қоршаған ортаны ластанбайтын түрде қайта кәдеге жаратылуы тиіс.

Кәдеге жарату жөніндегі көкейтесті ақпаратты STIHL мамандандырылған дилерінен ала аласыз.

## ЕО нормаларына сәйкестік сертификаты

ANDREAS STIHL AG & Co. KG  
Badstr. 115

D-71336 Вайблинген

Германия

келесіні өзінің жауапкершілігіне  
алады

Құрастырма: Сепкіш агрегат  
Зауыттық таңбасы: STIHL  
Түрі SG 51, SG 71  
Сериялық нөмірі: 4255

2006/42/EG директиваның  
шарттарына сай келеді және  
өндірілген күні жарамды болған келесі  
нормалардың қолданыстағы  
нұсқалар бойынша әзірленген және  
дайындалған:

DIN EN ISO 19932-1: 2013,  
DIN EN ISO 19932-2: 2014


Техникалық құжаттаманы сақтау:

ANDREAS STIHL AG & Co. KG  
Бұйымды/машинаны пайдалану  
рұқсаты

Вайблинген, 03.02.2020

ANDREAS STIHL AG & Co. KG

Міндетін атқарушы



Dr. Jürgen Hoffmann

Деректер, нормалар және  
бұйымдарды бекіту жөніндегі басшы



Кеден одағының техникалық  
нұсқаулары мен талаптарының  
сақталуын растайтын ЕАС-  
сертификаттар мен сәйкестік  
декларациялары туралы ақпарат  
[www.stihl.ru/eac](http://www.stihl.ru/eac) сайтында  
орналастырылған, сондай-ақ STIHL  
компаниясының әр елдегі  
өкілдіктерінде («Мекен-жайлар»  
бөлімін қараңыз) телефон арқылы қол  
жетімді.



Украинаның техникалық  
нормативтері мен талаптары  
орындалды.

## Мекенжайлар

### STIHL штаб-пәтері

ANDREAS STIHL AG & Co. KG  
Badstrasse 115  
71336, Вайблинген

Германия

### STIHL еншілес кәсіпорындары

#### РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

«АНДРЕАС ШТИЛЬ МАРКЕТИНГ»  
ЖШҚ

Тамбовская к-сі, 12 үй, В лит., 52-  
кеңсе  
192007, Санкт-Петербург қ-сы, Ресей  
Шұғыл желі: +7 800 4444 180  
Эл. пошта: [info@stihl.ru](mailto:info@stihl.ru)

#### УКРАИНА

«Андреас Штіль» ЖШҚ  
Антонов к-сі, 10 үйі, Чайки ауылы  
08135, Киев обл., Украина  
Телефон: +38 044 393-35-30  
Факс: +380 044 393-35-70  
Шұғыл желі: +38 0800 501 930  
Эл. пошта: [info@stihl.ua](mailto:info@stihl.ua)

### STIHL өкілдіктері

#### БЕЛАРУСЬ

Өкілдік  
ANDREAS STIHL AG & Co. KG  
К. Цеткин к-сі, 51-11а  
220004, Минск қ-сы, Беларусь  
Шұғыл желі: +375 17 200 23 76

**ҚАЗАҚСТАН**

Өкілдік  
ANDREAS STIHL AG & Co. KG  
Шагабутдинов к-сі, 125А, кеңсе 2  
050026 Алматы, Қазақстан  
Шұғыл желі: +7 727 225 55 17

**STIHL импорттаушылары****РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ**

«ШТИЛЬ ЗЮДВЕСТ» ЖШҚ  
350000, Ресей Федерациясы,  
Краснодар қ-сы, Западный обход к-сі,  
36/1 үй

«ФЛАГМАН» ЖШҚ  
194292, Ресей Федерациясы,  
Санкт-Петербург қ-сы, 3-ші Верхний  
тар к-сі, 16 үй, А литерасы, 38 үй-жай

«ПРОГРЕСС» ЖШҚ  
107113, Ресей Федерациясы,  
Мәскеу қ-сы, Маленковская к-сі, 32 үй,  
2-құр.

«АРНАУ» ЖШҚ  
236006, Ресей Федерациясы,  
Калининград қ-сы, Мәскеу даңғылы,  
253 үй, кеңсе 4

«ИНКОР» ЖШҚ  
610030, Ресей Федерациясы,  
Киров қ-сы, Павел Корчагин к-сі, 1Б үй

«ОПТИМА» ЖШҚ  
620030, Ресей Федерациясы,  
Екатеринбург қ., Карьерная көш., 2 үй,  
1 үй-жай

«ТЕХНОТОРГ» ЖШҚ  
660112, Ресей Федерациясы,  
15

«ЛЕСОТЕХНИКА» ЖШҚ  
664540, Ресей Федерациясы,  
Хомутово ауылы, Чапаев к-сі, 1 үй, 39-  
кеңсе

**УКРАИНА**

«Андреас Штіль» ЖШҚ  
Антонов к-сі, 10 үйі, Чайки ауылы  
08135, Киев обл., Украина

**БЕЛАРУСЬ**

«ПИЛАКОС» ЖШҚ  
Тимирязев к-сі, 121/4 үй, 6-кеңсе  
220020, Минск қ-сы, Беларусь

«Беллесэкспорт» біртұтас  
кәсіпорыны  
Скрыганов к-сі 6.403  
220073, Минск қ-сы, Беларусь

**ҚАЗАҚСТАН**

«ВОРОНИНА Д.И.» ЖК  
Райымбек даңғ., 312 үй  
050005 Алматы, Қазақстан

**ҚЫРҒЫЗСТАН**

«Муза» ЖШҚ  
Киевская к-сі, 107 үй  
720001, Бишкек қ-сы, Қырғызстан

**АРМЕНИЯ**

«ЮНИТУЛЗ» ЖШҚ  
Г. Парпеци к-сі, 22 үй  
0002, Ереван қ-сы, Армения

## Содержание

К данной инструкции по эксплуатации	23
Указания по технике безопасности и технике работы	23
Комплектация устройства	28
Пояс для ношения	29
Элементы управления	31
Заполнить резервуар	32
Распыление	33
После распыления	33
Хранение устройства	33
Контроль и техобслуживание специализированным дилером	34
Указания по техобслуживанию и техническому уходу	36
Важные комплектующие	37
Технические данные	38
Устранение неполадок в работе	39
Указания по ремонту	40
Устранение отходов	40
Сертификат соответствия ЕС	40
Адреса	41

Уважаемые покупатели,

большое спасибо за то, что вы решили приобрести высококачественное изделие фирмы STIHL.

Данное изделие было изготовлено с применением передовых технологий производства, а также с учетом всех необходимых мер по обеспечению качества. Мы стараемся делать все возможное, чтобы Вы были довольны данным агрегатом и могли беспрепятственно работать с ним.

При возникновении вопросов относительно Вашего агрегата, просим вас обратиться, к Вашему дилеру или непосредственно в нашу сбытовую компанию.

Ваш



Др. Nikolas Stihl

# STIHL

Данная инструкция по эксплуатации защищена авторским правом. Компания оставляет за собой все права, особенно право на распространение, перевод и обработку материала с помощью электронных систем.



## К данной инструкции по эксплуатации

### Символы на картинках

Все символы на картинках, которые нанесены на устройство, объясняются в данной инструкции по эксплуатации.

### Обозначение разделов текста



#### ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ

